

¹Абдуракын Н., ²Шарыпқазы Н.

¹аға оқытушы, e-mail: Abdurakyn.Nurhalyk@gmail.com

²аға оқытушы, e-mail: nuriknaiman@mail.ru

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.

**ҚЫТАЙ-ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БАСТАУЫШ-БАЯНДАУЫШТЫҚ
СӨЙЛЕМНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ БАСТЫ БЕЛГІЛЕРІ**

Бұл мақалада қытай-қазақ тіліндегі бастауыш-баяндауыштық сөйлемнің ерекшелігін жан-жақты салыстыра отырып, қытай тілін не қазақ тілін үйренушілерге жол көрсетіледі.

Қытай тілі – SVO формасындағы тіл, қытай тілінде етістік баяндауышты сөйлем жасалу ерекшелігі бойынша жасалады. Онда морфологиялық көп өзгеріс болмайды. Қай кезде де осы ерекшелік сақталады, баяндауыш өзек болады, соңында қортынды сөз. Ал қазақ тілі – SOV формасындағы тіл. Сөйлемде бастауыш, толықтауыш, пысықтауыштар баяндауыштың алдында келеді. Сөз тіркестері де сөзжасам да солай қалыптасқан. Өйткені көмекші сөз бен жұрнақтар бірлесіп сөйлем мүшесін қалыптастырады.

Сондықтан да сөздер тез орын ауыстыра алады, сөйлем мүшелері өте икемді қолданыста тұседі. Алайда бастауыш пен баяндауыштың екі тілде де рет-тәртібі өзгермей сақталады.

Түйін сөздер: Алтай тілдер жүйесі, жалғамалы тіл, сөз тәртібі, етістікті баяндауыштар, бастауыш-баяндауыштық құрылым, түбір тұлғалы тіл.

¹Abdurakyn N., ²Sharypkazy N.

¹senior teacher, e-mail: Abdurakyn.Nurhalyk@gmail.com

²senior teacher, e-mail: nuriknaiman@mail.ru

al-Farabi Kazakh national university, Faculty of Oriental Studies, Kazakhstan, Almaty

The main grammatical features of two-part sentences in Chinese and Kazakh language

In this article we comprehensively conducted the speshal between two-part sentences in Chinese and Kazakh languages. Chinese is SVO form – language, in chinese the verb is formed by peculiarities of forming verbal sentences. The are not any big morphological changes. In any case: “peculiarity remains + verb is the basis + result remains”. In sentences the subject, the object and adverbial modifier are placed before the predicate. The word – combination and word formation are formed by this way. As long as the auxiliary word and prepositions form the member of the sentence. Therefore, the words tend to change places, members of the sentence are widely used. However, in both languages the role of the subject and predicate remains unchanged.

Key words: Altai language system, inflected language, word order, verbal predicates, two-part structure, an amorphous language.

¹Абдуракын Н., ²Шарыпқазы Н.

¹старший преподаватель, e-mail: Abdurakyn.Nurhalyk@gmail.com

²старший преподаватель, e-mail: nuriknaiman@mail.ru

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, факультет востоковедения, Казахстан, г. Алматы

**Основные грамматические особенности двусоставных предложений
в китайском и казахском языках**

В данной статье всесторонне рассмотрены особенности между двусоставными предложениями казахского и китайского языков. Китайский является языком формы SVO, в китайском языке глагол образуется путем особенности образования глагольных предложений. В них не встречаются значительные морфологические изменения. В любом случае: «сохраняется особенность + глагол является основой + сохраняется вывод». А казахский язык формы SOV. В предложений

подлежащее, дополнение, обстоятельство ставится перед сказуемым. Словосочетание, словообразование образовалось таким путем. Так как, вспомогательное слово и предлоги образуют члены предложения. Поэтому, слова склонны к перемене мест, члены предложения гибки в употреблении. Однако, роль подлежащего и сказуемого в обоих языках остается неизменной.

Ключевые слова: Алтайская языковая система, флективный язык, порядок слов, глагольные сказуемые, двусоставная структура, аморфный язык.

Қазақ тілі алтай тілдер семьясы, түркі тілдер жүйесіне жатады. Қытай тілі қытай-тибет тілдер жүйесіне жатады. Қытай тілінің грамматикасы жасырын болса, қазақ тілі ашық болады. Қытай тілі сөз мағынасын негіз етсе, ал қазақ тілі форманы негіз етеді, сондықтан да грамматикалық талдау жүргізгенде сөз мағынасының еш қатысы жоқ талдана береді. Сөйлем құрылымы анықталса, сөз мағынасы да ашыла түседі. Ал қытай тілінде тек сөз мағынасы бойынша сөйлем талданады. Қазақ тілінде етістіктің соңына ұқсамаған жұрнақтарды жалғауға болады.

Мысалы: Бар—(去)是_Г; сөз.

Мектепке бару (去_Г校)是短_Г; сөз тіркесі.

Мектепке бардым. (我去_Г校了。)是句子。Сөйлем. (阿·努尔哈利克, 2016: 85)

Қазақ тілінде “Бар” сөзі тіркесте де сөйлемде де жұрнақ жалғану арқылы құрылымдық өзгеріске ұшырайды. Ал қытай тіліндегі “去 бар” сөзі ондай өзгеріске түскен жоқ. Керісінше жанындағы сөздің мағынасына қарай мағыналық өзгеріске ұшырайды. Сондықтан қытай тілі мағынаны негіз етіп жасалса, қазақ тілі форманы негіз етіп жасалады. Қытай ұлтының ойлау тәсілі түйсік арқылы болса, қазақ ұлтының ойлай тәсілі санамен жүргізіледі. Бейнелеу жағында қытай тілі оқырмандарға түйсік арқылы жеткізсе, қазақ тілі оқырмандарға айтатын ойды толық айтып түсіндіріп жеткізеді. Қытай-қазақ тілінің ішкі айырмашылығы қытай тілін үйренуші қазақ студенттерге үлкен қиыншылық тудырады. Сондықтан да сөйлеуде, сөйлем аударуда ойлау тәсілінен жаңылып қателіктерге жол береді.

Қытай тілі – құрылымдық жақтан түбір тұлғалы тіл, ал қазақ тілі – жалғамалы тіл. Ұқсас бір сөйлемді қытай-қазақ тілінде екі тілде бейнелегенде грамматикалық жақтағы айырмашылығы анық байқалады. Қытай тілі сөз тәртібі мен көмекші сөздерге баса мән береді, ал қазақ тілі морфологиялық өзгерістерге назар аударады.

Қытай ұлтының ойлау дағдысы бойынша бір ойдың тәртібі: қимыл иесі+қимыл+қимыл қабылдаушы. Ал қазақ ұлтының ойлау дағдысы бойынша: қимыл иесі+қимыл қабылдаушы+қимыл. (成燕燕, 1992: 156). Демек екі тілдің ойды жеткізу тәсілі екі бөлек.

Қытай тілінде сөйлем мүшелерінің орны ауысса, сөйлемдегі айтпақшы ой өзгереді. Ал қазақ тілінде морфологиялық өзгерістерге назар аударылатындықтан, сөйлем мүшелерінің орны ауысса да сөз мағынасы еш өзгермейді, екі тілдегі баяндауыш пен толықтауыштың орыны ұқсамайды, алайда байланысу тәсілі ұқсайды.

Мысалы:

他//正在干家_Г活_Г. Осы сөйлемді тікелей қазақ тіліне аударсақ:

Ол істеуде үй шаруасын. Ал енді қазақ тіліндегі сөз тәртібімен аударсақ: «Ол үй шаруасын істеуде». Енді осы сөйлемді тікелей қытай тілінің сөз тәртібі бойынша аударсақ: 他//家_Г活_Г干”.

Бұл мысалдан түсінетініміз: екі тілдегі баяндауыштың орны ұқсамауына байланысты қытай тіліндегі сөйлем мағынасының құбылып тұрғанын көреміз. Сондықтан қытай тілін үйренуші қазақ студенттері көбінде осы мәселеге мән бермей қателесіп жатады.

Қытай тіліндегі бастауыш-баяндауыштық сөйлемнің рет тәртібі: бастауыштан соң баяндауыш, соңында толықтауыш келеді, пысықтауыш пен анықтауыш бастауыш пен баяндауыштың алды не артына келеді, *толықтырғыш мүше толықтауыштың алдында не артында келеді.*

Мысалы: _Г便—_Г候—_Г一下—_Г!

(主 бастауыш—_Гпысықтауыш—_Гетістік—_Гтолықтырғыш—_Гтолықтауыш). Ал қазақ тіліндегі бастауыш-баяндауыштық сөйлемнің рет тәртібі: бастауыштан соң толықтауыш келеді, анықтауыш бастауыштың алды артында тұрады.

Ал толықтауыштың соңында пысықтауыш болады, содан соң баяндауыш келеді.

Мысалы: Мен—белімді—белбеумен—тартып—буындым. 我把我的腰用_Г腰布 牢固的 _Г住 (主 бастауыш—_Гтолықтауыш—_Гпысықтауыш—_Гпысықтауыш—_Гетістік) 我用_Г腰布把腰_Г地_Г住了. Қазақ тілінде кейде бастауыш жасырын тұрады. (凌, 2002: 22). Мұндай сөйлемде баяндауышқа қарап, бастауышты табуға болады. Қытай-қазақ тіліндегі бастауыш-баяндауыштық сөйлемнің атауы

ұқсағанымен ішкі құрылымы мүлде ұқсамайды. Қазақ тіліндегі есім сөздерден жасалған баяндауыштық сөйлем атаулы және атаусыз болып бөлінеді, мұндай ішкі түрлерге жіктелу қытай тілінде жоқ. Қазақ тіліндегі атаулы сөйлем үлгісі жалғыз сөзден жасала береді. Ал бұл қытай тіліндегі етістік толықтауыштық сөйлемге сәйкестенеді. Бастауыш-баяндауыштық сөйлемнің сын есім баяндауышты сөйлем, өз ішінен өзекті сөзі пысықтауыштан жасалған сын есім баяндауышты сөйлем, салаласты сын есім баяндауышты сөйлем, баяндауыш толықтырғышты сын есім баяндауышты сөйлем болып бөлінеді. Ал қытай тілінде сын есімде шырай категориясы болмайды. Егер дәреже жағынан ұқсамаған кезде сын есімдерді қайталау арқылы не сын есімнің алдына күшейткіш үстеулерді қосады. Ал қазақ тілінде сын есімнің шырай категориясы болады. Мысалы: 他 的 好 一 些。 Оның жазуы жақсырақ.

那 路 直 的。 Ана жол түп-түзу。
他 的 好 一 点。 Ол допты жақсы тебеді。
苹 果 的。 Бұл алма дөп дөңгелек。
他 的 快 一 点。 Ол тезірек жүгіреді。
那 座 山 高 高 的。 Ол – биік тау。
他 得 漂 亮 些。 Ол әдемірек。

Қытай тіліндегі өзекті сөзі пысықтауыштан болған сын есім баяндауышты сөйлемнің пысықтауышы көбінде үстеулер арқылы жасалады. Кейде шылаулы тіркестер мен көмекші сөздерден де жасалады. Ал қазақ тіліндегі өзекті сөзі пысықтауыштан болған сын есім баяндауышты сөйлемнің пысықтауышы көбінде зат есімнен жасалады. Кейде сөз соңында жүретін сөздер мен үстеулерден жасалады. Сондықтан қазақ тіліндегі зат есімнен жасалған сын есім баяндауышты сөйлем қытай тіліндегі етістік баяндауышты сөйлемге ұқсайды. (阿·努尔哈利克, 2015:150). Мысалы:

Ол қырықтың мол ішінде。 他有40多。
Үйде жан пенде жоқ。 屋子里 有 一 人。
Ол көмекке зәру。 他 需 要 助。
Аудиторияда адам көп。 室 里 好 多 人。
Ол жас。 他 是 年 人。
Оған демалу керек。 他 需 要 休 息。
Оған ақша керек。 他 需 要 一 。

Жоғардағы мысалда қазақша сөйлемдегі пысықтауыш пен анықтауыш қытай тіліндегі бастауышқа ұқсайды. Ал қазақ тіліндегі бастауыш қытай тіліндегі толықтауышқа сәйкес келеді.

Қытай-қазақ тіліндегі мұндай сөйлемдердің айырмашылығы өте үлкен болады. Міне бұл баяндауыштың ерекшелігіне байланысты

болады. Сондықтан да қазақ тіліндегі сын есімді баяндауыштың алдына пысықтауыш келеді. Ал қытай тіліндегі баяндауыш соңына толықтауыш ертеді.

Мысалы: Шымкент Атыраудан үлкен。 石 姆 肯 市 比 阿 特 市 大。

Бүгінгі ауа райы кешегіден жақсы。 今 天 的 天 气 比 昨 天 好。

Сенің күшің менен көп。 的 力 比 我 的 大。

Оның бойы менен биік。 他 的 子 比 我 高。

Астана Алматыдан алыс。 阿 斯 塔 比 阿 拉 木 。

Қытай тіліндегі бастауыш-баяндауыштық сөйлемнің сын есім баяндауышы көбінде баяндауыш-толықтырғыш сөз тіркесінен жасалады. Ал қазақ тілінде толықтырғыш жоқ, сондықтан баяндауыш-толықтырғышты сын есімді баяндауышты сөйлем тек қытай тілінде ғана болады. Қытай тіліндегі бұл сөйлем қазақ тіліндегі пысықтауышқа ұқсайды. Мысалы:

病 情 重 了。 Оның ауыруы асқынды。

地 上 得 很。 Алаң тып-тыныш。

生 活 糟 糕 透 了。 Тұрмыс өте нашар。

心 情 美 了。 Көңіл-күйі өте жақсы。

市 了。 Қала орталығы өте алыс。

天 冷 的 很。 Күн қатты суық。

大 的 很。 Жел қатты。

Қытай тіліндегі бастауыш-баяндауыштық сөйлемнің етістік баяндауышты сөйлемі өз ішінен баяндауышы етістіктен жасалған етістік баяндауышты сөйлем, етістік толықтауышты сөйлем, өзекті сөзі пысықтауыштан болған етістік баяндауышты сөйлем, салалас етістік баяндауышты сөйлем, баяндауыш-толықтырғышты етістік баяндауыш сөйлем, (екі етістік қатар тұратын) желілес етістік баяндауышты сөйлем, қос міндетті етістік баяндауышты сөйлем, сақталу болмысын білдіретін етістік баяндауышты сөйлем болып бөлінеді. Ал қазақ тілінде етістік баяндауышты сөйлем жақты, жақсыз, сандық, мезгілдік жағдайларға қарай өзгереді. Алайда қытай тілінде мұндай өзгерістер жоқ. Қытай-қазақ тілін осындай тұрғыда салыстыруда сөз таптары негізге алынады.

Қытай тіліндегі жалғыз буынды және сабақты етістік сөйлемде көбінде соңына толықтауыш ертіп жүреді. Егер толықтауыш ертпесе, онда соңына толықтырғыш не пысықтауыш ертеді. (邢 福 福, 2010: 88). Қазақ тілінде етістіктің рай категориясы бар, қытай тілінде мұндай өзгеріс жоқ. Мысалы:

哈 瑟 木 穿 衣 服 了。

Қытай-қазақ тілдерінде етістік-толықтауышты, етістік-баяндауышты сөйлем бар. Алайда

екі тілдегі сөз тәртібі ұқсамайды. Қытай тілінде етістік толықтауыштың алдында тұрады. Қазақ тілі мүлде керісінше, толықтауыш баяндауыштың алдында тұрады. Мысалы:

我能_Г任何困_Г。 Біз кез келген қиыншылықты жеңеміз.

我能超越自己。 Біз бәрін жеңеміз.

他_Г求走慢点。 Ол ақырын жүруді талап етті.

他建_Г公司改革。 Ол компанияны өзгертуге ұсыныс берді.

他命令部_Г前_Г。 Ол қосынға ілгерілеу бұйрығын берді.

Біз бұл салыстырудан байқағанымыз: қытай тіліндегі етістік-толықтауыш қай кезде де сөз тәртібіне бағынады. Сондықтан да онда баяндауыш соңынан келетін сөз толықтауыш болады. Ал қазақ тіліндегі толықтауышқа әдетте септік жалғаулары жалғанады. Олар “на\ни, да\ди, та\ти, н” тағы басқа да етістік толықтауыш морфологиялық өзгерістерге ұшырайды. Қазақ тіліндегі етістік-толықтауыш, етістік-баяндауышты сөйлемдегі бастауыш қимыл иесі болса, толықтауыш қимыл қабылдауыш болады. (Аман_Г力福, 2004: 186). Бұл байланыс тұрақты болады. Міне бұл қытай-қазақ тіліндегі тағы бір ерекшелік.

Мысалы: Мен кино көрдім. 我看_Г影了。

Ол хат жазды. 他_Г信了。

Ол ұйықтады. 他睡_Г了。

Ол тамақ жеді. _Г吃_Г了。

Әкем жұмысқа шықты. 爸爸上班了。

Ол үйге қайтты. 我回家了。

Досым емханада жатыр. 朋友住院了。

Қытай тілінде бастауыш-баяндауыштық сөйлемдегі және баяндауыш-толықтырғышты сын есім не сын есім сипатты сөздер баяндауыш болады, сонымен бірге баяндауыш-толықтырғыш тіркесі сөйлемде баяндауыш болады. Сондықтан қытай тіліндегі №6 сөйлем мүшесі саналатын толықтырғыш қазақ тілінде болмайды.

Қытай тіліндегі баяндауыш-толықтырғыш сөйлем қазақ тіліндегі пысықтауышқа сәйкес келеді.

Қытай-қазақ тілі мүлде басқа екі тіл, құрылымдық жақтан, екі тілдің өзіндік өзгешелігі бар, алайда қытай-қазақ тіліндегі жай сөйлемдердің құрылымдық түрлері негізінен ұқсайды. (朱, 斌, 伍依_Г, 2009: 58). Қазақ тілінде сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінен жасалған жай сөйлем түрі жалаң сөйлем деп аталады. Сөй-

лемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерінен жасалған жай сөйлем түрі жайылма сөйлем деп аталады. Сөйлемдегі бастауыштың көріну және көрінбеуі маңызды емес, баяндауыштың қаншасыншы жақта тұруына қарап, бастауышы белгілі болған сөйлемді жақты сөйлем дейміз. Сөйлемде баяндауыштың қай жақ екені белгісіз, бастауышы көрінбейді, алайда логикалық жақтан бастауышты білуге болады. Мұндай сөйлемді жақсыз сөйлем дейміз.

Қазақ тілінде толымды сөйлем: сөйлемге қатысты барлық сөйлем мүшелері толығымен қатысқан сөйлемді толымды сөйлем дейміз. Мұндай сөйлемде тұрлаулы және тұрлаусыз мүше деп бөлмейміз.

Толымсыз сөйлем: сөйлемге қатысты барлық сөйлем мүшелері толығымен қатыспайтын сөйлемді толымсыз сөйлем дейміз (阿含沃夫,柯,1996: 210). Мұндай сөйлемде сөйлемге қатысты кейбір сөйлем мүшесі түсіп қалады. Бұл сөйлемде бұйрық, ұран, ой толықтыру, көңіл-күй бейнеленеді.

Екі тілдегі сөз тәртібінің ерекшелігін, сонымен бастауыш-баяндауышты сөйлемнің ұқсастығы мен айырмашылығын жіңішке түрде салыстыра отырып, екі тілді үйренушілерге жеңілдік жасайды. Қазіргі қазақ-қытай тілдерінде бастауыш-баяндауыштық сөйлем өте жиі қолданыста, сөз басы осы құрлымнан басталады, сондықтан көптеген грамматика ғалымдарының жете назарындағы үлкен мәселе.

Екі тілдегі бастауыш-баяндауыштық сөйлемді түрге бөлу жағында ерекшелік бар. Сөйлем құрылымы, сөйлем қызметі, сөз жасам, сөз тіркесінің құрылымы, сөйлемнің байланысу тәсілі жағында пікір алауыздығы бар.

Қытай тіліндегі құрылымдық жақтағы ырықсыз сөйлемдер құрылым жақтан қазақ тіліне қатты ұқсайды, ал мағыналық жақтағы ырықсыз сөйлемдер еш ұқсамайды. Екі тілді синтаксис, морфология, сөз қолданысы жақтарынан салыстырмалы зерттей отырып сабақ жүргізгенде студенттер сөйлем заңдылығын тез меңгеретіні сөзсіз.

Бұл мақаланың айтпақшы ойы жоғарыда айтылған ерекшеліктерді негізге ала отырып, сабақ жүргізсек не осы екі тілдің ішкі заңдылықтарын жадымызда сақтай отырып қытай тілін үйренсек, жүгіміз жеңілдейді. Қытай-қазақ тілін оқыту аясында өз үлесін қосады.

Әдебиеттер

- 1 A. Nuerhalike «han-ha zhuyujiejigoudubi yanjiu» hasake guoli daxue chubanshi 2016nian
- 2 Chengyanyan «han-ha duibiyufa» xinjiang jiaoyu chubanshi 1992nian
- 3 Yangling «xiandai hasakeyu jieouguyanjiu» xinjiang daxue chubanshi 2002 nian
- 4 Nuerhalike «xiandai hanyuyufa» hasake guoli daxue chubanshi 2015 nian
- 5 Xingfuyi «xiandaihanyu» gaodengjiaoyu chubanshi 2010nian
- 6 Amanzhuolifu «xiandai hasakeyu» alamutu xuexiao chubanshi, 2004 nian
- 7 Zhu, Liu, Wuyilan «xiandai hanyu xiaojulixinglianjieyanjiu» huazhongshi fandaxue chubanshi 2009
- 8 Ahanwofu.Ke. «hayuyufalilun» Alamutu, 1996nian
- 9 Fanguyqing «shiyonghanyuyufa» beijingyuyun xueyuan chubanshi 1992 nian
- 10 Linxiangmei «xiandaihanyu» yuwen chubanshi 1990nian
- 11 Lufubo «duiwaihanyu jiaoxueshiyong yufa» Beijingyuyan wenhua daxue chubanshi 2002nian
- 12 Liubaoshun, Quxiuzhen «xiandai hanyuyufa» xinjiangjiaoyu chubanshi 1987 nian

References

- 1 阿.努尔哈利克《代哈主句比研究》哈克立大出版社 2016年
- 2 成燕燕《代哈比法》新疆教育出版社 1992年
- 3 凌《代哈克研究》新疆大出版社 2002年
- 4 阿.努尔哈利克《代法》哈克立大出版社 2015年
- 5 邢福《代》高等教育出版社2010年
- 6 阿曼力福《代哈克》阿拉木校出版社2004年
- 7 朱, 斌, 伍依《代小句型研究》中范大出版社 2009
- 8 阿含沃夫.柯.《哈法理》- 阿拉木, 1996年
- 9 房玉《用法》北京言院出版社1992年
- 10 林祥楣《代》文出版社 1990年
- 11 福波《外用法》北京言文化大出版社2002年
- 12 徐秀珍《代法》新疆教育出版社 1987年